



БҰЙРЫҚ

06.01.2025 № 01/05/28

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

город Алматы

**Кәсіпорын қызметкерлерінің
әдеп және қызметтік мінез-құлық
Кодексі туралы**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Кәсіпорын жарғысы, Қазақстан Республикасының еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актінен негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК қызметкерлерінің әдеп және қызметтік мінез-құлық Кодексі бекітілсін.
2. Кәсіпорын қызметкерлері Кодекспен жазбаша түрде таныстырылсын (Н.Үстен).
5. Бұйрық қол қойған күннен күшіне енеді және бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор

М. Бақашева

Бұйрықпен таныстым

Н.Үстен

Бекітемін
«Допингке қарсы ұлттық орталық»
РМҚК директоры
Бақашева М.Қ.

«06» Қаңтар 2025 жыл
№ 01-05/128

Қазақстан Республикасы Туризм және Спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Допингке қарсы ұлттық орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің әдеп және қызметтік мінез-құлық Кодексі

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Туризм және Спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Допингке қарсы ұлттық орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – *Кәсіпорын деп аталады*) қызметкерлерінің әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексі Допингке қарсы ұлттық орталық қызметкерлерінің (бұдан әрі – *ДҚҰО қызметкері*) қызметтік міндеттерін орындау кезінде басшылыққа алуға ұсынылатын этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы болып табылады.

1.2. Бұл Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Кәсіпорын жарғысына және Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

1.3. Кодекс Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты мәртебесіне ие және міндетті түрде қодануы тиіс.

1.4. Осы Кодексте белгіленген талаптарды бұзу еңбек тәртібін өрескел бұзу ретінде қарастырылады және тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

2. ДҚҰО қызметкері және қоғам

2.1. ДҚҰО қызметкерінің кәсіби қызметінің басты мақсаты – спортшылардың денсаулығын сақтау және олардың допингтен ада жарыстағы қатысу құқығын қорғау, Қазақстан Республикасында допингке қарсы мәдениетін дамуын қамтамасыз ету.

2.2. ДҚҰО қызметкері өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толық жауап береді, ол осы үшін өзін-өзі кәсіби тұрғыдан жүйелі түрде жетілдіріп отыруға міндетті.

2.3. Материалдық, жеке басының пайдасының себептері ДҚҰО қызметкерінің кәсіби шешім қабылдауына әсер етпеуі тиіс.

2.4. ДҚҰО қызметкері өзі жұмыс істейтін мекемеге қатысты өз міндеттемелерін адал орындауы тиіс.

2.5. ДҚҰО қызметкері өзіне қол жетімді құралдар әлеуметтік желілер, әңгімелесу және т.б. арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, қоғамдық және кәсіби әдеп нормаларын сақтауда үлгі болуға міндетті.

2.6. ДҚҰО қызметкері кез келген басқа қызметпен, егер бұл ДҚҰО қызметкерінің кәсіби тәуелсіздігіне сәйкес келсе, оның беделіне нұсқан келтірмейтін және оның кәсіби қызметіне зиян тигізбейтін болса, айналыса алады.

3. ДҚҰО қызметкері және спортшы

3.1. ДҚҰО қызметкері өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңдарын және қолданыстағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алуға міндетті.

3.2. ДҚҰО қызметкері өз жұмысының сапасы ең жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін бар күшін салуы тиіс.

3.3. ДҚҰО қызметкері спортшының ар-намысы мен абыройын құрметтеуі, оған ақ пейілдік танытуы, оның жеке құпияларға деген құқығын құрметтеуі тиіс және сонымен бірге жеткілікті кәсіби себептерсіз спортшының және оның отбасы мүшелерінің жеке істеріне араласпауы керек.

3.4. Өз функционалдық міндеттерін орындауы барысында қателік жіберген жағдайда ДҚҰО қызметкері бұл жайында тікелей басшысын хабардар етуге міндетті.

3.5. ДҚҰО қызметкері өз кәсіби міндеттерін бүркеншік ат қолданбай, тек өз аты-жөнін қолданып орындай алады.

3.6. Биологиялық сынағаларды жинауға байланысты функционалдық міндеттерін орындау кезінде ДҚҰО қызметкері белгіленген үлгідегі сәйкестендіру бейджін тағып жүруі керек.

4. Ұжымдық ауызбіршілік

4.1. ДҚҰО қызметкері Кәсіпорының ар-намысы мен дәтүрін қорғауға міндетті. ДҚҰО қызметкерлері бір-бірін сыйластықпен және ізгі ниетпен құрметтеуі керек.

4.2. ДҚҰО қызметкерінің ДҚҰО-тың басқа қызметкерінің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтіруге немесе басқа да жолдарымен оның беделін түсіруге құқығы жоқ.

5. Қызметкерлердің әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексін қайта қарау тәртібі және оны бұзғаны үшін жауапкершілік

5.1. ДҚҰО қызметкері оның мінез-құлық ұжымда қоғамдық талқылауға ұшырауы мүмкін екенін түйсінуі тиіс.

5.2. Егер әдеп нормаларын бұзу сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне қатысты болса, ДҚҰО қызметкері заң бойынша жауап беретін болады.

5.3. Кодекс қажет болған қайта қаралуы тиіс, бірақ 5 жылда бір реттен аспайды.